ҚР Оқу-ағарту министрлігі

«Технологии и образование» ЖШС

«Педагогтің икемді дағдыларын (soft skills) үздіксіз кәсіби даму жүйесінде қалыптастыру» Жалпы орта білім беру ұйымдары мұғалімдерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасына

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Бағдарлама: Педагогтердің кәсібиқұзыреттілігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде soft skills-ті қалыптастыру мен дамытуда жүйелі әдістемелік және практикалық қолдау көрсету қажеттіліктеріне арналған **«Педагогтің икемді дағдыларын (soft skills) үздіксіз кәсіби даму жүйесінде қалыптастыру»** атты біліктілікті арттыру курсы мұғалімдердің заманауи педагогикалық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келеді, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын **ескере отырып әзірленген.** Бағдарлама келесі тараулардан тұрады: Жалпы ережелер, глоссарий, бағдарлама тақырыбы, бағдарлама жоспары, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері, құрылымы мен мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, оқу нәтижелерін бағалау, курстан кейінгі сүйемелдеу, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

Модуль 1. Педагогтің икемді дағдыларын қалыптастырудың нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері

Модуль 2. Педагогтің soft skills дамуының психолого-педагогикалық негіздері

Модуль 3. Педагогтің кәсіби қызметіндегі коммуникативтік және басқарушылық дағдылар

Модуль 4. Педагогтің кәсіби өсуінің негізі ретінде рефлексивтік және аналитикалық дағдылар

Модуль 5. Педагогтің икемді дағдыларын дамытуға арналған цифрлық және білім беру құралдары

Модуль 6**.** Практикаға бағдарланған іс-әрекет және кәсіби дамудың жеке траекториясын жобалау тиімділігін арттыру стратегияларын қалыптастырады.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны«Педагогтің үздіксіз кәсіби даму жүйесінде икемді дағдыларды (soft skills)қалыптастыру» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы 108, 80, 72 немесе 36 академиялық сағатқа есептелген және педагогтің кәсіби құзыреттілігінің,кәсіби тұрақтылығының және аттестаттаудан өтуге дайындығының негізгі компоненті ретінде икемді

дағдыларын жүйелі дамытуға бағытталған алтыөзара байланысты модульді қамтылған.

Бағдарламадағы осы көрсетілген **6** модульдер бойынша тапсырмалар толық қамтылған. Әр модуль сағат көлемінде берілген, толықтырылған, модульдердің мазмұны мен жұмыстағы көрсетілген оқыту жоспарына сәйкес келеді. Терминдер нақтыланған. Курстан кейінгі қолдау мақсатында **«Педагогтің икемді дағдыларын (soft skills) үздіксіз кәсіби даму жүйесінде қалыптастыру» бағдарламасын аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға көрсетілетін қолдау шаралары көрсетілген:** Оқудан кейін консультативтік және (немесе) әдістемелік көмек алу үшін тыңдаушы қажеттілік туындаған жағдайда, InfoLesson білім беру платформасындағы әр біліктілікті арттыру курсына қоса берілген нысанды толтыру арқылы сұрау жібереді. Сұрау педагогтің өткен біліктілікті арттыру курсы бойынша кейінгі қолдау алу мақсатында жасалған өтініші болып табылатынын көрсеткен.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізім: Тізімдегі әдебиеттер бағдарламада көрсетілген барлық бөлімдерге сәйкес келеді. Отандық және шетелдік әдебиеттер тізімі көрсетілген. Сілтемелер бағдарламадағы барлық тақырыптарға сай көрсетілген. Глоссаридегі көрсетілген бөлімдер жоспарда қамтылған. Бағдарламаның бөлімдері «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Сараптамалық қорытынды: «Педагогтің икемді дағдыларын (soft skills) үздіксіз кәсіби даму жүйесінде қалыптастыру» / «Формирование гибких навыков (soft skills) педагога в системе непрерывного профессионального развития» атты педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын келісуге ұсынамын**. Негіздеме**:№40 хаттама 23.04.2026 жыл.

Сараптамалық кеңес мүшесі: